# Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы шетелдегі отандастармен мәдени-гуманитарлық байланысты дамыту жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
2019 жылғы 11 маусымдағы № 106-ө өкімі.

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы шетелдегі отандастармен мәдени-гуманитарлық байланысты дамыту жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ереже**

## 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы шетелдегі отандастармен мәдени-гуманитарлық байланысты дамыту жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Комиссия қызметінің мақсаты шетелде тұратын отандастармен мәдени-гуманитарлық байланысты дамытуға ықпал ету болып табылады.

3. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

4. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Комиссияның жұмыс органы болып табылады.

5. Комиссияның отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.

## 2. Комиссияның міндеттері

6. Осы Ереженің 2-тармағында көрсетілген мақсаттарды іске асыру үшін Комиссия мынадай:

1) шетелдегі отандастармен мәдени-гуманитарлық байланысты жетілдіру және дамыту жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу;

2) шетелдегі отандастармен мәдени-гуманитарлық байланысты дамыту саласында мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру міндеттерін жүзеге асырады.

## 3. Комиссияның қызметін ұйымдастыру

7. Комиссия жұмысының ұйымдастырылуы мен тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультациялық-кеңесші органдар мен жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.